

**Кошкинбаева Нургуль Рыспаевнаның**  
**«6D012000-Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша философия**  
**докторы (PhD) дәрежесін иелену үшін ұсынылған «Көркем-**  
**шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге**  
**қабілеттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы**  
**диссертациялық жұмысына**

**ПІКІР**

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Кошкинбаева Нургуль Рыспаевнаның «Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы елімізде қордаланған маңызды мәселелердің бірін зерттеуге арналған. Педагогикалық ғылым дамуының қазіргі кезеңінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесіне біздің еліміздің ғана емес, әлемнің көптеген елдерінің ғалымдары да қызығушылық танытып отырғанын атап өткен жөн. Еліміздің бүгінгі даму кезеңінде Жаңа Қазақстанның ғылымы мен білімінің өзара байланысы, оның тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру және экономикалық өсуінің басты қозғаушы күші болып отырғандығы анық. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8 - бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті - оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» - деп көрсетілген. Ендеше, қазіргі таңда білім берудің негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды-машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, бәсекеге қабілеттілікті және кәсіби білікті, ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және кәсіби-тұлғалық өзін-өзі іске асыруға дайын білікті педагогтарды даярлауды көздейді. Қазіргі педагогтық қоғамдастықтың алдында тұрған білім берудің жаңа моделін құру, сынақтан өткізу міндеттеріне сәйкес мемлекетіміздегі білім беру жүйесіне, ондағы дайындалып жатқан болашақ мамандарға нақты талаптар қойылып, мемлекет дамуының негізгі ресурсы ретінде болашақ мамандардың шығармашылық қабілеттерін арттыра отырып, Жаңа Қазақстандық білім беру жүйесінің жаңартылуы еркін, дербес, жаңашыл, ізденіс пен шығармашылыққа ұмтылған бәсекеге қабілетті маман даярлаумен тығыз байланысты.

Сондықтан да, әлемдік білім беру кеңістігінде тек ақпарат жиынтығын меңгертумен шектелмей, іс-әрекетін өздігінен тиімді ұйымдастыра отырып, күнделікті өзгерістерге тез бейімделетін, жан-жақты, кәсіби білімге құмар, өздігінен шығармашылықты іс-әрекеттер жасай білетін, жеке болмыстық сапасы жетілген, білім берудің жаңаша технологияларын меңгерген көркем-шығармашылық бағыттағы керативті педагогтарды даярлау қажеттілігі туындап отыр.

Аталған мәселелерді шешуде кәсіби білім беру жүйесіндегі жаңартылған реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір болашақ педагогтың өзіне жүктелген жауапкершілікті сезінуіне, жаңа идеялармен шығармашылық тұрғыда жұмыс жасауына негіз болатындай болашақ мамандарға өз жетістіктерін инновациялық үдерістер арқылы нарыққа шығара алатындай мүмкіндік жасалуын ескеру керек.

Сонымен қатар, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесінің өзектілігі мен терең теориялық түсінігіне, ғалымдардың осы үдеріске әр түрлі көзқарастарын талдауға қарамастан, автордың зерттеулері бұл мәселенің әлі жеткілікті терең зерттелмегендігін және бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру педагогикалық білім беру барысында одан әрі дамуды қажет ететіндігін көрсете білді. Атап айтқанда, осы уақытқа дейін ЖОО-да оқыту үдерісінде жалпы бәсекеге қабілеттілікті, соның ішінде көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесіне арналған еңбектер жоқтың қасы болғандықтан, тиісті ғылыми негізделген әзірлемелердің болмауынан аталған мәселені зерттеу қажеттілігі туындап отыр деген ізденушінің қағидасымен келісеміз.

Жоғарыда көрсетілген мәселелердің жиынтығы диссертацияның таңдалған тақырыбының өзектілігін растай отырып, кешенді теориялық және эмпирикалық зерттеулерді қажет етеді.

**Зерттеудің нәтижесі және ғылыми жаңалығы.** Зерттеу нәтижелері ғылыми жаңалығымен, жоғары теориялық және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді. Диссертациялық зерттеу жұмысында:

1. Педагогикалық теория мен практикада көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру жолдары анықталған.

2. Зерттелетін мәселені шешудің ең нәтижелі әдіснамалық ұстанымдары айқындалған.

3. Көркем-шығармашылық бағыттағы бәсекеге қабілетті педагогтың басты критерийлері жасалған.

4. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру моделінің тиімді жұмыс істеуінің педагогикалық шарттары анықталған және сол әрбір шарттары тәжірбиелік-эксперименттік жолмен дәлелденген.

5. Болашақ көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру үдерісі әдістемелік кешенмен және оқу құралымен қамтамасыз етілген.

6. Ізденуші «бәсекеге қабілеттілік», «көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігі» ұғымының мәнін және даму кезеңдерін ақпарат көздерін талдау негізінде аша отырып, бәсекеге қабілеттіліктің көрсеткіштер құрылымын жасаған.

**Алынған нәтижелердің негізділігі мен дұрыстығының дәрежесі.**

Бұл диссертациялық жұмыста шығармашылық көзқарасты көрсететін нәтижелерді ғылыми тұрғыдан қызықты және мазмұнды түсіндіру

ұсынылған, мұның өзі диссертанттың ғылыми-практикалық эрудициясының жоғары дәрежесін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері ерекше және ғылыми жаңалыққа ие, бұл өз кезегінде автордың білім саласының көркем-шығармашылық бағытын дамытуға қосқан үлесін көрсетеді.

Алынған нәтижелердің сенімділігі жалпы ғылыми және арнайы зерттеу әдістерін, сонымен қатар деректерді математикалық-статистикалық өңдеудің барабар әдістерін дұрыс қолданғандықтан күмән тудырмайды.

Ұсынылған ғылыми нәтижелер мен жұмыстың қорытындысы жаңалықтың жоғары деңгейімен сипатталады.

**Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңыздылығы.** Зерттеу жұмысында көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру құрылымының тиімділігі теориялық тұрғыда негізделген.

Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы:

- Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтарінің бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруды қамтамасыз ететін «Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» элективті пәнінің оқу әдістемелік кешені және оқу құралы жасалып ЖОО оқыту үдерісіне ендірілді;

- Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруды қамтамасыз етудің әдістемесі ЖОО оқыту үдерісіне ендірілді;

- Зерттеу нәтижелері болашақ көркем-шығармашылық бағыттағы бәсекеге қабілетті педагогтарды даярлау бағытындағы білім беру бағдарламаларын құру барысында үлкен мәнге ие.

Зерттеу нәтижелері М.Х.Дулари атындағы ТарӨУ, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің оқу үдерісіне ендірілген. Өндіріске ендіру Акті алынған. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері негізінде 3 білім беру бағдарламалары (2 білім беру бағдарламалары «Атамекен» рейтингі бойынша 1 және 2 орын иеленді) және 1 дизайн туындысы, 1 әдістемелік құрал дайындалған. Зерттеу тақырыбы бойынша негізгі нәтижелер 10 жарияланымда ұсынылған, оның ішінде 5 – Ережелерге сәйкес, 1 мақала Scopus дерекқорына кіретін басылымда, 4 - ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда жарияланған.

**Диссертанттың жеке үлесі.** Зерттеу барысында диссертант Н.Р.Кошкинбаева кәсіби зерттеу іскерліктері мен дағдыларды меңгергендігін, белсенді және тәуелсіз ойлауға қабілеттілігін көрсетті. Түрлі педагогикалық міндеттерді шығармашылықпен шеше білетін, педагогикалық жағдайларды шешудің жаңа нұсқаларын игерген, қазіргі қоғамның талаптарына жауап беретін, оқу үдерісін тиісті деңгейде ұйымдастыра алатын, шығармашылық қабілеті дамыған, күзиретті педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың жолдарын аша білген. Зерттеу барысында диссертант Н.Р.Кошкинбаева өзінің зерттеуге деген қызығушылығын, табандылығын, белсенділігін көрсетті.

Диссертант зерттеу жұмысының зерттелу дизайнын, педагогикалық эксперименттің барлық кезеңдерін, зерттеу мәселесіне сәйкес білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарды, философиялық, әлеуметтік, техникалық, педагогикалық, психологиялық, экономикалық, оқу-әдістемелік әдебиеттерді, диссертацияларды, мерзімдік ғылыми басылымдарды зерделеу, талдау, саралау, сараптау, зерттеу мәселелері бойынша бақылау, суреттеу, өлшеу, эксперимент, нәтижелерді талдау, педагогикалық зерттеу нәтижелерін жалпылау, статистикалық әдістермен сұрыптау жұмыстарын жеке жүргізді. Жалпы, Кошкинбаева Нургуль Рыспаевнаны ғылыми және практикалық мәселелерді өз бетінше шеше білетін, қалыптасқан ғылыми қызметкер ретінде тануға болады.

**Қорғауға ұсыныс.** Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып Кошкинбаева Нургуль Рыспаевнаның диссертациялық жұмысында зерттеліп отырған барлық компоненттер бойынша эксперименттік жұмыстың анықталуы мен бақылау кезеңдерінің нәтижелерін салыстырмалы түрде талдап, ЖОО-ның білім беру үдерісінде жүзеге асыру барысында пайдалы бола алады деп есептеймін.

Кошкинбаева Нургуль Рыспаевнаның «Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы диссертанттың өз бетінше орындаған, толық аяқталған ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады. Мазмұны, өзектілігі, ғылыми жаңалығы теориялық және практикалық маңыздылығы бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Философия докторы (PhD) дәрежесін беру» туралы Ережесінің талаптарына сәйкес келеді. Осыған орай, Кошкинбаева Нургуль Рыспаевна «6D012000 - Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты.

Ғылыми кеңесшісі,  
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан  
университетінің профессоры,  
педагогика ғылымдарының докторы

*А.*

А. Саипов

23.11.2022 ж.



**ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН**  
ҚЖЖ бөлімінің  
басшысы *[Signature]*